

Карабаева А. М.¹, *Тажекова А. Д.², Эмин А.³, Утемисова А. М.⁴

^{1,4} *Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті*

² *Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті*

³ *Бурса Улудаг университеті*

^{1,4} *Қазақстан, Алматы*

² *Қазақстан, Шымкент*

³ *Түркия, Бурса*

¹ *ORCID: <https://orcid.org/0009-0008-4971-4174>*

³ *ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1473-7420>*

⁴ *ORCID: <https://orcid.org/0009-0005-3608-0879>*

**tazhekova@mail.ru*

ЭКОТУРИЗМ: СТУДЕНТТЕРДІҢ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ РЕСУРСЫ

Аңдатпа

Жоғары білім беру жүйесінің негізгі басымдықтарының бірі – студенттердің теориялық білімді меңгерумен қатар оны кәсіби және күнделікті іс-әрекетте тиімді қолдануға мүмкіндік беретін құзыреттіліктерді қалыптастыру болып табылады. Солардың ішінде географиялық құзыреттілік ерекше орын алады, өйткені ол кеңістіктік заңдылықтарды түсінуді, картографиялық материалдармен жұмыс істеуді, табиғи және әлеуметтік-экономикалық ландшафттарды талдауды және экология-географиялық ойлауды қамтиды. Осы тұрғыдан алғанда экотуризм студенттердің географиялық құзыреттілігін қалыптастырудағы инновациялық ресурс ретінде өзекті мәнге ие. Зерттеудің мақсаты – экотуризмді жоғары оқу орындары студенттерінің географиялық құзыреттілігін қалыптастырудың тиімді құралы ретінде теориялық тұрғыда негіздеу. Әдіснамалық негіз ретінде ғылыми әдебиеттерді талдау, шетелдік тәжірибені салыстырмалы талдау. Зерттеу PRISMA 2020 стандарттарына сәйкес құрылып, іріктелген әдебиеттер алдын ала белгіленген критерийлер бойынша таңдалды, зерттеу нәтижелері экотуризмді білім беру тәжірибесіне енгізу студенттердің географиялық құзыреттілігін айтарлықтай арттыратынын көрсетті. Қазақстандық және шетелдік тәжірибені салыстырмалы түрде қарастырып, экотуризмді оқу бағдарламаларына енгізу, цифрлық және GIS-технологияларды интеграциялау, сондай-ақ далалық практикаларды ұйымдастыру жолдары көрсетілді. Оқу маршруттарының нақты жүзеге асырылуының мысалдары, студенттердің қатысу деңгейінің өсуі, экологиялық мәдениеттің дамуы және жауапты мінез-құлық қалыптастыру көрсетілді. Арнайы назар практикалық нәтижелерге аударылды: сандық жетістіктер, әдістемелік шешімдер, сондай-ақ университеттерде экотуризм білімін одан әрі дамыту бойынша ұсыныстар берілді. Жұмыстың ғылыми жаңалығы экотуризмнің теориялық білім мен практикалық әрекетті біріктіре отырып, студенттердің географиялық құзыреттілігін кешенді қалыптастыруға мүмкіндік беретін инновациялық білім беру ресурсы екендігін негіздеуде жатыр. Мақалада жүргізілген талдау университеттердің оқу бағдарламаларына экотуризмді жүйелі түрде енгізу болашақ мамандардың кәсіби даярлығын жетілдірумен қатар, олардың экологиялық мәдениетін дамытуға және тұрақты даму қағидаттарына сәйкес жауапты тұлға қалыптастыруға мүмкіндік беретінін дәлелдейді.

Түйінді сөздер: экотуризм, географиялық құзыреттілік, экологиялық мәдениет, тұрақты даму, далалық тәжірибе, инновациялық ресурс, географиялық білім.

Кіріспе. Жоғары білім берудің заманауи дамуы студенттерде тек теориялық білімдер жүйесін ғана емес, сонымен қатар табысты кәсіби және тұлғалық жүзеге асыру үшін қажетті практикалық құзыреттер жиынтығын дамытуға бағытталған. Осыған байланысты географиялық құзыреттілік маңызды орын алады, оның ішінде кеңістіктік ойлау, картографиялық материалдармен жұмыс істей білу, табиғи және әлеуметтік-экономикалық ландшафттарды талдау дағдылары, сонымен қатар экологиялық-географиялық дүниетаным.

Әдебиеттерді бағалау критерийлері: зерттеу түрі (эмпирикалық/теориялық), үлгі мөлшері, қолданылған әдістер (анкета, интервью, эксперимент, жолсеріктік зерттеу), нәтижелер мен ұсыныстар. Бұл тәсіл зерттеу жұмысының сенімділігін арттыруға және жарияланымдардың ғылыми сапасын бағалауға көмектесті. Өз зерттеуінде Абулгазиев А.У.: «географиялық құзыреттілік -практикалық қызметте және күнделікті өмірде әртүрлі географиялық әдістерді, білім мен дағдыларды, сондай-ақ географиялық ақпаратты пайдалану» - деп көрсеткен [1]. Қазіргі заманғы зерттеулер далалық зерттеу, экологиялық білім беру және мәдени-ағартушылық қызмет элементтерін біріктіретін экотуризм бұл

процесте тиімді құрал екенін көрсетеді. Мысалы, Байкова Ю.А. [2] өз диссертациясында және Беркинбаева Г. [3] еңбегінде білім беру жобаларын Іле-Алатауы сияқты ұлттық саябақтарды пайдалану оқушылардың кәсіби білімін тереңдетіп, экологиялық жауапкершілікті дамытуға ықпал ететінін көрсетеді. Сонымен бірге, жобалық іс-әрекеттің өзі тірі табиғат жағдайындағы жеке ізденістерді белсендіреді, табиғи ортадағы өзгерістерді талдау және болжау қабілетін дамытады, бұл географиялық құзыреттіліктің дамуымен тікелей байланысты. Жоя Қ., Исаков Е.Д., және Мазбаев О.Б. [4] теориялық білімді практикалық экологиялық әрекеттермен біріктіретін құрылымдық модельге назар аудара отырып, туризм бағдарламасы студенттерінің геоэкологиялық құзыреттілігін дамытудың маңыздылығын атап көрсетеді. Бұл тәсілде экотуризм тек кәсіби дайындық саласы ғана емес, сонымен бірге адам мен табиғаттың өзара әрекеттестігі туралы жүйелі түсінік қалыптастыратын маңызды білім беру ресурсына айналады. Бірқатар педагогикалық зерттеулерде сипатталған оқу-географиялық туризм тәжірибесі де экскурсиялар, жорықтар студенттерде кеңістіктік түсініктерді қалыптастыруға, картографиялық материалмен және өлшеу құралдарымен жұмыс істеу дағдыларын дамытуға, аумақты экологиялық бағалау әдістерін меңгеруге мүмкіндік беретінін растайды.

Қазақстан Республикасының экология кодексіне [5] сәйкес, қоғамның экологиялық мәдениетін және мамандардың кәсіби даярлығын арттыру мақсатында елімізде жалпыға бірдей, жан-жақты және үздіксіз экологиялық білім беру және оқыту, орта және жоғары оқу орындарында мамандарды кәсіби даярлау, олардың біліктілігін арттыру, сондай-ақ экологиялық білімді бұқаралық ақпарат құралдары арқылы тарату жүйесі құрылуда. Дегенмен, ұзақ уақыт бойы табиғат пен қоғамның заңдылықтарын зерттегенде қоғам мен табиғаттың өзара әрекеттесу ерекшеліктерін біртұтас бірлесе дамытын жүйе ретінде қарастыру іс жүзінде болған жоқ. Нәтижесінде табиғат туралы аналитикалық білімге негізделген, тар прагматикалық және тұтынушылыққа бағытталған экологиялық білім адамдардың дүниетанымындағы табиғатты тұтыну мотивтерін бұза алмай, экологиялық апаттарға әкелді.

Экологиялық мәдениетті қалыптастыруда шешуші рөл атқаратын маңызды факторлардың бірі – экологиялық ойлау. Ол тек білімдік компонентпен шектелмей, сонымен бірге рефлексивті талдау дағдыларын, сондай-ақ жеке немесе ұжымдық деңгейде қызметтің экологиялық салдарын бағалаудағы рационалды көзқарасты қамтиды. Белгілі болғандай, өздігінен реттелетін «еркін» нарықтық экономиканың үстемдігі жағдайында мұндай ойлауды ынталандыру тек құқықтық тетіктерге ғана емес, сонымен қатар білім беру негіздеріне де сүйенуі тиіс. Алайда қабылданған шараларға қарамастан, бұл бағыт бүгінгі күні жеткілікті деңгейде жүзеге асырылмай отыр [6].

Осы тұрғыдан алғанда, экологиялық мәдениетті үздіксіз экологиялық-экономикалық білім беру мен ағартудың негізінде қалыптасатын, бүкіл өмірлік іс-әрекет барысында адамзаттың қоғамдық санасында, мінез-құлқында орнығып, табиғи ортамен өзара әрекеттесу нормалары мен тәсілдерін, адамгершілік құндылықтар мен қоғамдық қатынастардың жүйесін қамтитын жалпыадамзаттық мәдениеттің құрамдас бөлігі ретінде қарастыруға болады. Қазақстанда қалыптасқан көпсатылы және көпдеңгейлі білім беру жүйесінің мазмұны экологиялық тәрбие үдерісінің сабақтастығын қамтамасыз етеді, бұл өз кезегінде студенттердің экологиялық білімін қарапайымнан күрделіге қарай жүйелі түрде қалыптастыруға және олардың құзыреттілігін мақсатты бағытта дамытуға мүмкіндік береді.

Білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында атап өтілгендей [7], экотуризм тек білім беру және мәдени аспектілерге ғана емес, сонымен қатар табиғатқа және жергілікті қауымдастықтарға құрметпен қарауды тәрбиелеуге бағытталған. Бұл экотуризмді география, педагогика салаларындағы болашақ мамандарды даярлаудың маңызды элементіне айналдыратын тек академиялық қана емес, сонымен қатар әлеуметтік құзыреттіліктің қалыптасуын қамтамасыз етеді. Экотуризм білім алушылардың географиялық құзыреттілігін қалыптастырудың ең өнімді тәсілдерінің бірі болып табылады. Ол теория мен практиканы байланыстыруға, зерттеу қызметін белсендіруге, талдау және болжау дағдыларын дамытуға, сонымен қатар экологиялық сана мен әлеуметтік

жауапкершілікті қалыптастыруға мүмкіндік береді. Осының барлығы экотуризмді білім беру технологиясы ғана емес, сонымен қатар тұрақты дамудың жаһандық сын-қатерлері жағдайында болашақ маманның тұлғасын қалыптастыру стратегиясына айналдырады. Сонымен қатар, білім беру процесінде экотуризмді пайдалану экологиялық жауапты азаматты қалыптастыру және тұрақты даму тұжырымдамасын іске асыру бойынша мемлекеттік басымдықтарға сәйкес келеді. Шетелдік ғылыми қоғамдастықта экотуризм теорияны практикамен ұштастыруға мүмкіндік беретін инновациялық білім беру құралы ретінде қарастырылуда. Феннелл Д. [8] экотуризм студенттердің рельефті шарлау, маршруттармен жұмыс істеу және нақты жағдайларда табиғи объектілерді талдау дағдыларын дамытуға көмектесетінін атап көрсетеді. Баллантайн Р. мен Пакер Ж. [9] оның экологиялық жауапты мінез-құлықты қалыптастырудағы рөлін атап өтеді, басқа зертеулерде оқушылардың экотуризм тәжірибесіне қосылуы тұрақты дүниетанымдық және табиғатқа деген құндылық қатынасты қалыптастыратынын атап өтеді. Бұл нәтижелер экотуризмді жоғары географиялық білімде теория мен тәжірибені біріктіретін маңызды ресурс ретінде дәлелдейді. Бірақ оны жүйелі деңгейде қазақстандық жоғары оқу орындарының оқу үдерісіне қалай енгізуге болады деген сұрақ ашық күйінде қалып отыр. Біз Қазақстандық жоғары білім беру жағдайында экотуризм студенттердің географиялық құзыреттілігін дамытудың инновациялық ресурсы ретінде қалай әрекет ете алады? - деген зерттеу сұрағын талдаймыз. Зерттеу мақсаты – студенттердің географиялық құзыреттілігін дамыту үшін инновациялық ресурс ретінде экотуризмді пайдаланудың практикалық мүмкіндіктерін теориялық негіздеу.

Әдістер мен материалдар. Зерттеу жұмысы географиялық білім беруде экотуризмді пайдаланудың теориялық және практикалық негіздерін кешенді қарастыруға бағытталды. Зерттеу әдебиеттерге жүйелі шолу ретінде және іріктеу PRISMA 2020 (Preferred Reporting Items for Systematic Reviews and Meta-Analyses) нұсқаулығы бойынша ұйымдастырылды. Іздеу 2000–2025 жж. аралығындағы қазақша, орысша және ағылшынша жарияланымдарды қамтыды. Негізгі дерекқорлар: Scopus, Web of Science, ERIC, Google Scholar, Ұлттық және аймақтық баспалар базалары (мысалы, CyberLeninka) және мектеп/университеттердің ресми сайттары, іздеу келесі кілттік сөздер арқылы енгізілді: «ecotourism», «ecological tourism», «education», «geographical competence», «field practice», «Kazakhstan university», «экотуризм», «географиялық құзыреттілік». Іздеу барысында экотуризм, географиялық құзыреттілік, инновациялық ресурстар тақырыптары бойынша 346 дерек анықталып, критерийлерге сай келмегендері алынып тасталды. Іріктеу критерийлері:

1. 2000–2025 жж. жарияланған зерттеулер;
2. университет студенттері;
3. экотуризм, GIS, виртуалды тур, outdoor learning сияқты ресурстарды қолдану;
4. құзыреттілік нәтижелері туралы нақты дерек беру.

Әдебиеттерді шолуда – дереккөздерін іздеу және таңдау кезеңдері халықаралық деңгейдегі PRISMA 2020 нұсқаулығына сай: бастапқы шыққан мақалалар тізімімен (n=346), түпнұсқалық таңдаудан (title/abstract screening) (n=123), толық мәтіннің бағалануынан (n=67), сапа бағалау бойынша 12 нақты мақала іріктелді, төменде келтірілген (1-кесте). Кестеде экотуризм мен географиялық құзыреттерді қалыптастыру бағытындағы негізгі еңбектер мен олардың қорытындылары берілген. Бұл зерттеулерді отандық ғалымдардың ізденістері Қазақстанның ұлттық саябақтарын географтардың практикалық дағдыларын қалыптастыру алаңдары ретінде қарастырып, студенттердің оқу экспедицияларына қатысуы теориялық білімдерін бекітуге ғана емес, сонымен қатар ландшафтты талдау және қоршаған ортаны бақылау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, Қазақстан ЖОО-ның оқу тәжірибесінде экотуризмнің әдістемелік негізі әлі жеткілікті түрде дамымағаны, оның жүйелі пайдалану мүмкіндіктерін шектейтіні атап өтіледі

Кесте 1. PRISMA әдістемесі бойынша іріктелген зерттеулердің сипаттамасы

| Автор, жыл | Аймақ / ел | Атауы / дереккөзі | Қысқаша мазмұны | Негізгі қорытындылар |
|--|---------------------|--|---|--|
| Абулгазиев және т.б., 2021 [1, 876.] | Қазақстан | Географияны оқыту барысында оқушылардың негізгі географиялық құзырет-терін қалыптастыру әдістері | Географиялық құзыреттерді қалыптастыру тәсілдері | Жаңа әдістер, тәжірибеге басымдық |
| Байкова, 2023 [2, 27 б.] | Ресей | Іле-Алатау ұлттық паркінің ғылыми-танымдық туризмге арналған табиғи нысандары | Ғылыми-танымдық туризм, нысандар мен әдістер | Туризм мысалдары, студенттік тәжірибе |
| Беркинбаева және т.б., 2024 [3, 151 б.] | Қазақстан | Іле-Алатаудың географиялық ерекшелік-терін зерттеу негізінде кәсіби құзыреттерді қалыптастыру | Географиялық нысандарды тәжірибе арқылы зерттеу | Экотуризм арқылы құзыреттердің артуы |
| Жоя және т.б., 2022 [4, 120 б.] | Қазақстан | Туризм бағдарламаларында студенттердің геоэкологиялық құзырет-терін қалыптастыру | Геоэкологиялық құзыреттер, білім беру бағдарламалары | Жаңа оқу бағдарламаларын енгізу |
| Fennell және Bowyer, 2020 [8, 125 б.] | Халықаралық | Туризм және тағам тұтынуындағы тұрақты трансформация | Экотуризм – тұрақты дамудың бір бөлігі | Тұрақтылыққа жаңа көзқарастар |
| Ballantyne және Packer, 2011 [9, 209 б.] | Австралия | Туризмдік оқу тәжірибелері арқылы тұрақты мінез-құлықты қалыптастыру | Туризм арқылы экологиялық тұрақты мінез-құлық | Білім беру тәжірибесіне арналған ұсыныстар |
| Tilbury D., 1997 [10] | Ұлыбритания | Экологиялық білім беру және дамыту бойынша білім беру: тұрақты әлем үшін географияны оқыту | экологиялық және даму білімінің (development education) интеграциясы, оқу мақсаттары мен әдістерінің өзгерісі | оқу бағдарламалары мен оқыту әдістерін экологиялық және даму тұрғысына бейімдеу |
| Chi Kin John Lee, 1993 [11] | Англия және Гонконг | Англия мен Гонконгта географияны оқыту: экологиялық білімге қосқан үлесі | оқыту стратегияларының (дәстүрлі лекциялық тәсілдер мен ресурстық тәсілдер) студенттердің экологиялық түсінігіне әсерін бағалайды. | оқыту әдістемесін белсендірек, проблемалық және бағалауға бағытталған тәсілдерге ауыстыру ұсынылады. |
| Bednarz R. S., 2006 [12] | АҚШ | Ақш географиясындағы экологиялық зерттеулер және білім беру | географиялық білімнің экологиялық білім үшін зерттеу базасы мен жоғары оқу орындарындағы бағдарламалық тәжіри-белер мен зерттеу бағыттары | экологиялық білім берудің тиімді оқу бағдарламаларын жаңартуды; зерттеу мен практикалық, пәнаралық жобалар ұсынады |
| Kasimov N.S., 2002[13] | Ресей | Ресей Университеттеріндегі экологиялық білім | экологиялық білім беру жүйесі, пәндік бағдарламалар, кадр дайындау, және оқу-әдістемелік проблемалар талданады. | академиялық интеграция және практикалық тәжірибелерді күшейту қажет. |

| | | | | |
|------------------------------|-----------|--|--|---|
| Gamira D., 2021 [14] | Зиммбabwe | Лоувельд университетінде экологиялық білім беруді оқытуға география пәні мұғалімдерінің қызметке дейінгі көзқарасы | География пәні мұғалімі болуға даярланатын студент-тердің экологиялық білім беруге деген көзқарасы | оқыту бағдарламасына практикалық, инклюзивтік және жергілікті контекстке сай модульдер енгізу |
| Yli-Panula et al., 2020 [15] | Финляндия | Тұрақты дамуды ілгерілететін географияны оқыту мен үйрету әдістері | Оқыту әдістері, тұрақты даму | Әдістерді біріктірудің оң әсері |

Дереккөз: [1, 87 б.; 2, 27 б.; 3, 151 б.; 4, 120 б.; 8, 125 б.; 9, 209 б.; 10, 215 б.; 11, 29 б.; 12, 245 б.; 13, 151 б.; 14, 18 б.; 15, 4 б.] әдебиет негізінде әзірлеген.

Қазіргі ғылыми жарияланымдарды талдау географиялық құзыреттерді экотуристік және тәжірибеге бағытталған оқыту әдістері арқылы қалыптастыруға тұрақты ғылыми қызығушылық бар екенін көрсетеді. Соңғы зерттеулерде ғылыми-танымдық маршруттар ұйымдастырудың, геозкологиялық бағдарламаларды енгізудің және жобалық тәсілдердің маңыздылығы атап өтіледі. Әсіресе экотуризмнің кәсіби және экологиялық құзыреттердің дамуына әсерін, сондай-ақ география мен тұрақты дамуды оқытудың жаңа әдістерін енгізу тәжірибесін ашқан еңбектер ерекше назар аударады.

Тұрақты дүниетанымды дамыту жағдайында экологиялық және дамытушылық білім берудің интеграциясы ерекше маңызға ие. Тилбери Д. [10, 216 б.] «Географияны оқыту және оқу» кітабының «Экологиялық білім беру және дамыту бойынша білім беру: тұрақты әлем үшін географияны оқыту» тарауында атап өткендей, географияны оқыту қоршаған ортаға жауапкершілікті тәрбиелеу және сыни ойлауды дамытудың негізгі құралы болып табылады. Автор географиялық білім беру арқылы студенттерге жаһандық экологиялық проблемаларды түсінуге, олардың салдарын бағалауға және тұрақты даму қағидаттары рухында қоршаған ортамен өзара әрекеттесу стратегияларын әзірлеуге мүмкіндік беретінін атап көрсетеді.

«Англия мен Гонконгтағы географияны оқыту: экологиялық білімге үлес қосу» атты зерттеуінде Джон Ли С.К. [11, 27 б.] екі елде де географияны оқыту негізінен оқытуды ұйымдастырудың дәстүрлі формаларына негізделгенін атап өтеді. Оқытушылар негізінен оқулықтарды, конспекттерді және жұмыс парақтарын пайдаланады, ал аудиовизуалды және интерактивті ресурстар өте шектеулі көлемде қолданылады. Сонымен бірге екі білім беру жүйесінде де экологиялық компонентті интеграциялауда ұқсас проблемалар бар: курстың мазмұнында экологиялық тақырыптар жеткілікті түрде атап өтілмейді, ал қолданыстағы әдістер білім алушылардың қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне қатысты сыни ойлауын және белсенді көзқарасын дамытуды ынталандыруға аз әсер етеді. Автор географиялық білімнің экологиялық мәдениетті қалыптастыруға қосатын үлесін арттыру үшін оқыту әдістерін жетілдіру, оның ішінде әр түрлі педагогикалық ресурстарды пайдалану, оқу-тәрбие процесін белсендіру, оқу бағдарламасының мазмұнына тұрақты даму мәселелерін жүйелі түрде енгізу қажеттігін атап көрсетеді (кесте 2).

Кесте 2. Ч.К. Джон Ли бойынша салыстырма кесте

| Ел | Негізгі мәселелері | Қолданылған әдістеме | Білім алушыларға әсері | Ұсынылған шешім |
|--------|---|--|---|--|
| Англия | Экологиялық мазмұнның географиялық бағдарламаларға жеткіліксіз интеграциялануы. | Дәстүрлі әдістер: оқулық, конспект, жұмыс парақтары; аудиовизуалды материалдарды шектеулі пайдалану. | Экологиялық мәселелер бойынша шашыраңқы түсінік қалыптасады, сыни тұрғыдан ойлау мен практикалық дағдылар нашар дамыды. | Академиялық курстарда экологиялық тақырыптардың рөлін күшейту; белсенді оқыту әдістерін енгізу (пікірталас, далалық зерттеулер); сыни тұрғыдан ойлауды дамыту. |

| | | | | |
|----------------|---|---|---|---|
| Гонконг | Экологиялық мәселелер эпизодтық түрде беріледі және көмекші сипатта болады. | Оқулықтар мен жұмыс материалдары негізінде ресурсқа бағытталған оқытудың таралуы. | Оқушылардың экологиялық дүниетанымы үстірт қалыптасады; білім аналитикалық құрал ретінде емес, фактілік материал ретінде қабылданады. | Курстардағы экологиялық мазмұнды жүйелеу; инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану; оқытудың интерактивті түрлерін енгізу. |
| Жалпы | Экологиялық білім беруді тиімді интеграциялаудағы қиындықтар. | Репродуктивті оқытуға басымдық беретін дәстүрлі әдістердің басымдығы. | Экологиялық проблемаларды талдауға студенттердің жеткіліксіз тартылуы; білімнің практикамен байланысы әлсіз. | Тұрақты дамуға, оқытудың нысандары мен әдістерінің әртүрлілігіне, оқу-тәрбие процесін белсендіруге бағытталған білім беру стратегияларын кешенді қайта қарау. |

Дереккөз: [11, 33 б.] әдебиет негізінде әзірлеген.

Беднарз Р. С. [12, 241 б.] «АҚШ географиясындағы қоршаған ортаны зерттеу және білім беру» кітабында автор географияны адам мен табиғаттың өзара әрекеттестігіне бағытталған дәстүрлі бағытты негізге ала отырып, экологиялық білім берудің табиғи өзегі ретінде дәлелдейді. Р. С. Беднарз географтарды пәнаралық жүйедегі географияның рөлін күшейту және ғылыми және педагогикалық қауымдастықтарда қоршаған ортаны зерттеудің көрінуін арттыру үшін оқу бағдарламаларын әзірлеуге белсенді қатысуға шақырады. Ол сондай-ақ олардың әлеуетіне қарамастан, АҚШ-тың география кафедралары экологиялық білім беруде әлі де аз қамтылғанын, олардан ғылыми-зерттеу және білім беру бастамалары арқылы қатысуды күшейтуді талап ететінін атап өтеді.

Малхазова С.М., Романова Э.П. және Чалкли Б.С. [13, 151 б.] зерттеулері Ресей университеттерінде экологиялық білім беруді дамытудағы негізгі қиындықтарды анықтады. Авторлар біртұтас тұжырымдама мен нормативтік базаның жоқтығын атап өтеді, бұл оқу жоспарларының нақты мазмұны жоқ құжаттарда тұрақты дамудың ресми түрде айтылуына әкеледі. Мұғалімдердің жеке бастамасына тәуелділік және оқу және әкімшілік құрылымдар арасындағы жүйелі үйлестірудің жоқтығы айтарлықтай кедергі болып табылады. Әдістемелік базаның, оқу-әдістемелік кешеннің жетіспеушілігі және қаржыландырудың шектеулілігі мәселелері де атап өтілді. Ұсынымдар тұрақты даму үшін білім берудің тұтас тұжырымдамасын әзірлеуді, ведомствоаралық және салааралық жұмыс топтарын құруды, тәжірибе және әдістемелік ресурстармен алмасу үшін мамандандырылған орталықтарды қалыптастыруды, сондай-ақ процеске үкіметтік емес ұйымдарды, бизнесті және мемлекеттік органдарды белсенді тартуды қамтиды. Авторлардың пікірінше, мұндай тәсіл экологиялық білім берудің ресейлік жоғары білім беру жүйесіне тұрақты интеграциясын қамтамасыз етеді.

Гамира Д. мен Т. Фирумвенің [14, 19 б.] зерттеуі болашақ география мұғалімдерінің Ловелд университетінде экологиялық білім беруді (ЭББ) оқытуға деген көзқарасын талдады. Авторлар педагогика мамандығының студенттері ЭББ маңыздылығын студенттердің экологиялық сауаттылығын және практикалық экологиялық мәселелерді шешу дағдыларын дамыту құралы ретінде түсінетінін атап өтеді. Жағымды факторлардың бірі – болашақ мұғалімдердің пәндік білімінің жеткілікті болуы және экологиялық білімге деген оң көзқарасы олардың осы тақырыпты оқытуға дайындығын арттырады.

Бұл ретте бірқатар шектеуші факторлар анықталды. Біріншіден, студенттер ЭББ-нің педагогикалық мазмұнына жеткіліксіз дайындықпен бетпе-бет келеді, яғни қоршаған ортаны қорғау тақырыптарын пәнаралық және тәжірибеге бағытталған форматта оқытуды терең түсінбейді. Екіншіден, маңызды мәселе ресурстардың жетіспеушілігі болып табылады: оқу материалдары, заманауи технологиялар (мысалы, GIS және қашықтықтан зондтау), далалық

тәжірибелер үшін қаржылық ресурстар және сарапшыларды тарту. Бұл оқытудың негізінен теориялық сипатқа ие болуына және тиімділігінің төмендеуіне әкеледі.

Авторлар экологиялық білім беру сапасын арттыру үшін болашақ мұғалімдерді іргелі экологиялық біліммен қатар оқытудың заманауи әдістерімен де қамтамасыз ете отырып, олардың дайындығын күшейту қажеттігін атап көрсетеді. Табиғатқа деген оң көзқарасты қалыптастыратын және экологиялық жауапты мінез-құлықты ынталандыратын білім беру ортасын құру маңызды шарт болып табылады. Сонымен қатар, зерттеушілер оқу-әдістемелік кешендерді, технологияларды және оқытудың тәжірибеге бағытталған нысандарын, соның ішінде далалық жұмыстарды және сарапшылармен ынтымақтастықты дамытуға инвестицияларды арттыруды ұсынады. Мұндай шаралар кешені экологиялық білім беруді мазмұнды, практикалық және оқытушылар үшін де, білім алушылар үшін де ынталандырады.

Юли-Панула Э., Жеронен Э. және Лемметти П. [15, 3 б.] жұмысы тұрақты даму идеяларын ілгерілетудегі географияны оқыту әдістерінің рөлін қарастырады. Авторлар экологиялық-географиялық білім берудің тиімділігі тек оқу бағдарламаларының мазмұнымен ғана емес, сонымен қатар қолданылатын педагогикалық тәсілдермен де анықталатынын атап көрсетеді. Жалпы ғылыми жарияланымдарды талдау барысында топтық жұмыс, дәріс, зерттеу және дәлелдеу сияқты аралас және интерактивті оқыту әдістері жиі қолданылатыны анықталды. Мұндай әдістер оқытушылардың сабаққа қатысуын белсендіруге, сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамытуға, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануға және оқу сапасын арттыру үшін визуализацияны пайдалануға көмектесетіні баса айтылды. Сонымен қатар, зерттеу географияны оқытуда экологиялық тұрақтылыққа көбірек мән берілетінін, ал әлеуметтік, экономикалық және мәдени тұрақтылыққа азырақ көңіл бөлетінін көрсетті. Авторлар студенттерде тұрақты құндылықтарды қалыптастыру үшін жалпы мектептік тәсілді енгізу және ұзақ мерзімді тұрақты даму мақсаттарына бағдарлауды қамтамасыз ету қажет деген қорытындыға келеді.

Нәтижелер және оларды талқылау. Жүргізілген теориялық зерттеу экотуризмнің студенттердің географиялық құзыреттілігін қалыптастырудағы маңызды педагогикалық ресурс екендігін айқындады. Ғылыми әдебиеттерді салыстырмалы талдау нәтижесінде экотуризмнің келесі артықшылықтары анықталды: ол студенттердің кеңістіктік ойлауын, картографиялық дағдыларын, табиғи және әлеуметтік-экономикалық жүйелерді кешенді талдау қабілеттерін дамытады. Сонымен қатар, халықаралық тәжірибелер экотуризмді білім беру бағдарламаларына енгізу студенттердің экологиялық мәдениетін нығайтуға, олардың жауапкершілігін арттыруға және тұрақты даму қағидаттарына сәйкес кәсіби даярлығын жетілдіруге ықпал ететінін көрсетеді.

Әдебиеттерге жасалған салыстырмалы талдау экотуризмді жоғары білім беру жүйесіне енгізудің халықаралық тәжірибеде кең таралғанын және әр елдің өзіндік ерекшеліктерге сүйенгенін көрсетті. Мәселен, Англия мен Гонконгта жүргізілген зерттеулерде [11, 39 б.] экологиялық білім берудің басты проблемасы – оны пәндік деңгейде жеткілікті түрде кіріктірмеу екені анықталды. Бұл мәселе географияны экологиялық ойлауды дамытуға бағдарланған мазмұнмен толықтыру арқылы шешімін табады. АҚШ-тың жоғары оқу орындарында [12, 248 б.] экологиялық білімнің жүйесіздігі байқалып, оны география курстарына арнайы модульдер енгізу арқылы реттеу қажеттілігі айқындалды. Ресейлік тәжірибеде [13, 153 б.] экологиялық білім берудің жеткіліксіз жүйелілігіне назар аударылып, университеттік деңгейде экологиялық мазмұнды біріздендірудің қажеттілігі баса айтылды. Африкалық зерттеуде [14, 21 б.] болашақ география мұғалімдерінің экологиялық білімге оң көзқарасы болғанымен, практикалық әдістердің жеткіліксіз қолданылатыны көрсетілді. Финляндиядағы тәжірибеде [15, 4 б.] керісінше, интерактивті әдістер мен жобалық оқыту кеңінен енгізіліп, теория мен практиканың арасындағы алшақтықты қысқарту жолдары тиімді жүзеге асырылған (кесте 3).

Кесте 3. Халықаралық тәжірибедегі экотуризм мен экологиялық білім беру ерекшеліктерін салыстырмалы талдау

| Ел/зерттеуші | Қарастырылған негізгі проблема | Ұсынылған әдістемелік тәсіл | Шешім және қорытынды |
|---------------------------------|---|---|---|
| Англия және Гонконг (Lee, 1993) | Экологиялық білімнің пәндік интеграциясының жеткіліксіздігі | География пәніне экологиялық компоненттерді енгізу | Студенттердің экологиялық ойлауын дамыту, пәннің мазмұнын кеңейту |
| АҚШ (Bednarz, 2006) | ЖОО деңгейінде экологиялық білімнің жүйесіздігі | География курстарына арнайы экологиялық модульдер қосу | Экологиялық білімді құрылымдау, тұрақты даму қағидаттарын күшейту |
| Ресей (Kasimov, 2002) | Экологиялық білімнің жүйесіз берілуі | Университеттік білімді жүйелеу және пән аралық үйлестіру | Экологиялық мәдениетті қалыптастыру, білімнің сабақтастығын арттыру |
| Африка (Fiomumwe, 2021) | Практикалық әдістердің жеткіліксіздігі | Болашақ мұғалімдердің көзқарасын зерттеу, оқу бағдарламасына түзетулер енгізу | Практикалық тәжірибеге сұраныстың жоғары екенін анықтау |
| Финляндия (Yli-Panula, 2020) | Теория мен практика арасындағы алшақтық | Интерактивті оқыту, жобалық әдістер, далалық жұмыстар | Студенттердің практикалық дағдыларын жетілдіру, тұрақты даму құндылықтарын қалыптастыру |

Дереккөз: [11, 40 б.; 12, 250 б.; 13, 157 б.; 14, 21 б.; 15, 5 б.] әдебиет негізінде әзірлеген.

Қазақстан жағдайында бұл қорытындылар айрықша өзекті. 2021–2024 жылдар аралығында зерттелген бағдарламалар шеңберінде Қазақстанның «Іле-Алатау» ұлттық паркі мен басқа да ерекше қорғалатын аумақтарындағы табиғи нысандар бойынша 15-тен астам оқу маршруттары жүзеге асырылып, әртүрлі факультеттерден 100-ден астам студент қатыстырылды [2, 35 б]. Экотуристік тәжірибелер барысында студенттер өздігінен экологиялық мониторинг жүргізді, маршруттарды картографиялады, өсімдік кешендерін фотодокументтеді, GPS және цифрлық карталарды пайдаланып жергілікті жерде бағдарлануды үйренді [3, 151 б]. Экспедициялар барысында студенттердің қабылдауы мен көзқарасында өзгерістер тіркелді: экологиялық мәдениет дамып, табиғатты қорғау мәселелеріне қызығушылық артты, табиғатқа және өз әрекеттеріне жауапкершілік сезімі күшейді. 2023 жылы экотуристік бағдарламаларды енгізу аясында студенттердің қатысу деңгейі 2021 жылмен салыстырғанда 36%-ға өсті, негізгі топтағы студенттер саны 28-ден 38-ге жетті [4, 121 б]. Маршруттық экспедициялар форматындағы практикалық сабақтар студенттердің белсенділігінің артуын көрсетті: сауалнама нәтижелері бойынша 80%-дан астам студенттер осындай формаларды кәсіби дағдылармен қатар экологиялық жауапкершілікке байланысты құндылықтық ұстанымдарды қалыптастыру үшін ең тиімді деп бағалады [1, 88 б]. Зерттеудің ғылыми жаңалығы экотуризмді білім беру процесіне жүйелі түрде енгізу теорияны, практиканы және құндылықтық ұстанымдарды біріктіруге, студенттердің экологиялық сауаттылығы мен тұрақты даму құзыреттерін дамытуға ықпал ететінін дәлелдеуде жатыр. Жобада жүзеге асырылған практикалық кейстер мен әдістемелік шешімдер нақты табиғи аумақтарда алаңдық жұмыстардың оқушыларда тек пәндік білімдерді ғана емес, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауды да қалыптастыратынын, болашақ мамандардың экологиялық мінез-құлығын модельдейтінін көрсетті.

Салыстырмалы талдау Қазақстандық тәжірибенің студенттердің нақты табиғи ортада тәжірибе жинауына, экологиялық сауаттылығын арттыруға бағытталғанын көрсетеді, ал шетелдік тәжірибе оқыту сапасын арттыру және жобалық дағдыларды дамыту үшін цифрлық және интерактивті құралдарды белсенді қолданады (Кесте 4).

Кесте 4. Экотуризмді енгізудің кезеңдерін салыстырмалы талдау

| Кезеңдер енгізу | Қазақстан | Шетелдік тәжірибе |
|----------------------------|---|---|
| Табиғи маршруттарды таңдау | Ұлттық парктер мен қорықтар; бірегей табиғи ландшафттар; студенттердің далалық экспедициялар арқылы объектілерді зерттеуі | Қорық аймақтары мен табиғи резерваттар; урбанистикалық және мәдени ландшафттармен интеграция; студенттер виртуалды және нақты маршруттар бойынша тәжірибе алады |
| Инфрақұрылым | Студенттік экспедициялар ұйымдастыру, базалық жабдықтау, лагерьлер, минималды технологиялық ресурстар | Туристтік орталықтар, цифрлық сервистер, интерактивті оқу ортасы, 3D-модельдеу және виртуалды экскурсиялар |
| Оқыту әдістері | Далалық жұмыстар, экологиялық мониторинг, нақты объектілерде бақылау және практикалық есептер | Интерактивті жобалар, симуляциялар, виртуалды маршруттар, жобалық тапсырмалар арқылы пәнаралық оқыту |
| GIS және цифрлық құралдар | GPS, қарапайым сандық карталар, смартфон картографиясы | Арнайы білім беру платформалары, 3D-модельдеу, интерактивті карталар, виртуалды симуляциялар |
| Бағалау әдістері | Анкеттеу, студенттердің мінез-құлқын салыстырмалы талдау, экологиялық құзыреттілікті өлшеу | Кейс-методтар, портфолио, жобалық жұмыс бойынша жеке бағалау, пәнаралық нәтижелерді бағалау |

Дереккөз: авторлармен әзірлеген.

Қазақстандық тәжірибеде ерекше қорғалатын аумақтар бойынша маршруттарды ұйымдастыруға, студенттерді далалық экспедицияларға белсенді тартуға және экожүйелік өзгерістерді бақылауға басымдық беріледі. Қарапайым GIS-инструменттер мен смартфон картографиясы практикалық жұмыстар үшін жеткілікті болып, нәтижелер анкеттеу арқылы бағаланады. Шетелдік тәжірибеде цифрлық ресурстар мен интерактивті құралдар кеңінен қолданылады, пәнаралық интеграция экология, урбанистика және педагогика салаларын біріктіруге мүмкіндік береді. Бағалау кейс-методтар мен студенттердің портфолиосы арқылы жүргізіліп, бұл олардың жобалық құзыреттерін арттыруға ықпал етеді.

Қорытынды. Жүргізілген жүйелі әдеби шолу нәтижелері экотуризмнің жоғары білім беру саласында географиялық құзыреттілікті қалыптастырудың тиімді педагогикалық құралы екенін растайды. Әдебиеттерді салыстырмалы талдау экотуризмнің теориялық білімді практикалық әрекетпен байланыстыра отырып, студенттердің кеңістіктік ойлауын, картографиялық сауатын, табиғи-географиялық нысандарды талдау қабілетін және экологиялық жауапкершілігін дамытуда жетекші рөл атқаратынын көрсетті. Сонымен қатар экотуризм білім алушылардың табиғи ортаға қатысты құндылық бағдарларын қалыптастыруға ықпал етіп, пәнаралық байланыстарды күшейтетін білім беру платформасына айналатыны анықталды.

Шетелдік ғылыми зерттеулердің (Fennell; Ballantyne & Packer; Lee; Bednarz; Yli-Panula) нәтижелерін жүйелі түрде талдау экотуризмнің білім беру тәжірибесінде кеңінен қолданылатынын және оның географиялық құзыреттерді қалыптастыруда ортақ оң әсер беретінін дәлелдеді. Өртүрлі елдерде жүргізілген эмпирикалық зерттеулер студенттердің картамен жұмыс істеу қабілеті, табиғи нысандарды бақылау нәтижелерін түсіндіру, экологиялық ойлау және тұрақты даму құндылықтарына бағдарлану секілді дағдыларының экотуристік тәжірибе әсерінен жақсарғанын көрсетті. Бұл деректер халықаралық ғылыми қауымдастықта экотуризмнің білім берудегі тиімділігі жөнінде бірізді және жинақталған дәлелдемелер қалыптасқанын айғақтайды.

Жүйелі шолу нәтижесінде авторлар экотуризм мен географиялық құзыреттіліктің өзара байланысын сипаттайтын үш деңгейлі модель ұсынады:

(1) когнитивтік деңгей – студенттердің кеңістіктік түсініктері, географиялық заңдылықтарды ұғынуы және теориялық білімді меңгеруі;

(2) практикалық деңгей – картографиялық материалдармен жұмыс, маршрут құрастыру, табиғи ортада бағдарлану және экологиялық мониторинг дағдылары;

(3) құндылықтық деңгей – табиғатты қорғау жауапкершілігі, тұрақты даму қағидаттарын қабылдау және экологиялық мәдениет қалыптастыру.

Қазақстандық зерттеулер мен халықаралық тәжірибені салыстыру негізінде еліміздің жоғары білім беру жүйесінде экотуризмді жүйелі түрде енгізуге қатысты бірнеше ғылыми негізделген ұсыныстар жасалды. Біріншіден, география және экология бағыттарындағы оқу бағдарламаларына экотуристік модульдер мен далалық практикаларды жүйелі енгізу қажет. Екіншіден, GIS-технологиялар, цифрлық картография және виртуалды маршрут сияқты инновациялық ресурстарды оқу процесіне кеңінен қолдану ұсынылады. Үшіншіден, ұлттық парктер мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтар базасында университет–парк серіктестіктерін дамыту маңызды. Төртіншіден, студенттердің экологиялық мәдениетін қалыптастыру үшін экотуризмді пәнаралық дайындық жүйесінің құрамдас бөлігіне айналдыру қажет. Бұл шаралар экотуризмді Қазақстан ЖОО-ларында географиялық құзыреттілікті қалыптастырудың ғылыми негізделген, тиімді және тұрақты механизмі ретінде пайдалануға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Абулгазиев А. У., Сабденалиева Г. М., Куспанова А. К. Географияны оқыту барысында оқушыларда негізгі географиялық құзыреттерді қалыптастыру әдістері // География және геоэкология мәселелері / Вопросы географии и геоэкологии / Issues of Geography and Geoecology – 2021. – №1. – С. 85–90. [Электрондық ресурс] - URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/geografiyani-o-ytu-barysynda-o-ushylarda-negizgi-geografiyal-yzretterdi-alyptastyru-disteri> (Қаралған күні: 01.09.2025ж).

2 Байкова Ю. А. Природные объекты для научно-познавательного туризма в «Иле-Алатауском» национальном парке: дипломная работа. - Национальный исследовательский Томский государственный университет: Томск-2023. – 56 с. [Электрондық ресурс] - URL: <https://vital.lib.tsu.ru/vital/access/services/Download/vital:18615/SOURCE01?view=true>

3 Беркинбаева Г., Чилдибаев Ж., Токбергенова У., Мусағалиева А., Сарыбаев Е., Билялов Б. Формирование профессиональных компетенций студентов на основе изучения географических особенностей Иле-Алатауского национального парка // Journal of Geography and Environmental Management. - 2024. – Том 73. - № (2). - Б.146–157. DOI: <https://doi.org/10.26577/JGEM.2024.v73.i2-011>

4 Жоя К., Исаков Е. Д., Мазбаев О. Б. Формирование геоэкологической компетенции студентов образовательных программ «туризм» // Journal of Educational Sciences. - 2022. – Том 70. - №1. – Б. 116–128. DOI: <https://doi.org/10.26577/JES.2022.v70.i1.10>

5 Қазақстан Республикасының Экология кодексі: Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы № 400-VI ҚРЗ Кодексі. [Электрондық ресурс] - URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2100000400> (Қаралған күні: 13.08.2025ж.)

6 Двойнев В., Старостина О. Экологическое сознание студентов // Высшее образование в России. – 2007. – № 5. – С. 25–28.

7 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. [Электрондық ресурс] - URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988> (Қаралған күні: 13.08.2025ж.).

8 Fennell D. A., Bowyer E. Tourism and sustainable transformation: A discussion and application to tourism food consumption // Tourism Recreation Research. – 2020. – Т. 45. – №. 1. – С. 119-131. DOI: <https://doi.org/10.1080/02508281.2019.1694757>

9 Ballantyne R., Packer J. Using tourism free-choice learning experiences to promote environmentally sustainable behavior: the role of post-visit ‘action resources’ // Environmental education research. – 2011. – Т. 17. – №. 2. – С. 201-215. DOI: <https://doi.org/10.1080/13504622.2010.530645>

10 Tilbury D. Environmental education and development education: Teaching geography for a sustainable world // *Teaching and learning geography* / под ред. D. Tilbury, M. Williams. – London: Routledge, 1997. – С. 210–219. DOI: <https://doi.org/10.4324/9780203439050>

11 Chi Kin John Lee Geography teaching in England and Hong Kong: Contributions towards environmental education // *International Research in Geographical and Environmental Education*. – 1993. – Т. 2. - № 1. – С. 25–40. DOI: 10.1080/10382046.1993.9964894.

12 Bednarz R. S. Environmental research and education in US geography // *Journal of Geography in Higher Education*. – 2006. – Т. 30. - № 2. – С. 237–250. DOI: <https://doi.org/10.1080/03098260600717315>

13 Kasimov N.S., Malkhazova S.M., Romanova E.P., Chalkley B.S.. Environmental Education in Russian Universities // *Journal of Geography in Higher Education*. – 2002. – Т. 26. - № 2. – С. 149–157. DOI: <https://doi.org/10.1080/03098260220144676.14>

14 Gamira D., Firomumwe T. Attitudes of pre-service geography teachers towards teaching environmental education at the Lowveld University // *i-manager's Journal on School Educational Technology*. – 2021. - Vol.16. – No. 4. – С.9-21. [Электронный ресурс] - URL: <https://www.researchgate.net/publication/353138448> (дата обращения: 01.09.2025).

15 Yli-Panula, Eila Jeronen, Piia Lemmetty. Teaching and Learning Methods in Geography Promoting Sustainability // *Education Sciences*. – 2020. – Т. 10. - № 1. – С. 1-5. DOI: <https://doi.org/10.3390/educsci10010005>.

REFERENCES

1 Abulgaziev, A. U., Sabdenaliev, G. M., Kuspanova, A. K. (2021) Geografiyani okyту barysynda okushylarda negizgi geografialyк kuzyretterdi kalypastyru adisteri [Methods for developing basic geographical competencies in students during geography teaching]. *Geografiya zhane geoekologiya maseleleri [Issues of Geography and Geoecology]*, 1, 85–90. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/geografiyani-o-ytu-barysynda-o-ushylarda-negizgi-geografialy-zyretterdi-alyptastyru-disteri> (Date of access: 01.09.2025). [In Kazakh]

2 Bajkova, Yu. A. (2023). Prirodnye ob"ekty dlya nauchno-poznavatel'nogo turizma v «Ile-Alatauskom» nacional'nom parke: diplomnaya rabota [Natural objects for scientific and educational tourism in the Ile-Alatau National Park: diploma thesis]. *Nacional'nyj issledovatel'skij Tomskij gosudarstvennyj universitet [National Research Tomsk State University]*: Tomsk, 56 p. [Electronic resource] - URL: <https://vital.lib.tsu.ru/vital/access/services/Download/vital:18615/SOURCE01?view=true> In Russian]

3 Berkinbaeva, G., Childibaev, Zh., Tokbergenova, U., Musagalieva, A., Sarybaev, E., Bilyalov, B. (2024). Formirovanie professional'nyh kompetencij studentov na osnove izucheniya geograficheskikh osobennostej Ile-Alatauskogo nacional'nogo parka. [Formation of professional competencies of students based on the study of geographical features of the Ile-Alatau National Park]. *Journal of Geography and Environmental Management*, 73(2), 146–157. DOI: <https://doi.org/10.26577/JGEM.2024.v73.i2-011> [In Russian]

4 Zhoya, K., Isakov, E. D., Mazbaev, O. B. (2022). Formirovanie geoekologicheskoy kompetencii studentov obrazovatel'nyh programm «turizm». [Formation of geoecological competence of students of educational programs "tourism"] *Journal of Educational Sciences*, 70(1), 116–128. DOI: <https://doi.org/10.26577/JES.2022.v70.i1.10> [In Russian]

5 Kazakstan Respublikasynyn Ekologiya kodeksi: Kazakstan Respublikasynyn 2021 zhylygy 2 kantardagy № 400-VI KRZ Kodeksi [Environmental Code of the Republic of Kazakhstan: Code of the Republic of Kazakhstan No. 400-VI RKZ dated January 2, 2021]. [Electronic resource] - URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2100000400> (Date of access: 13.08.2025) [In Kazakh]

6 Dvojnev, V., Starostina, O. (2007). Ekologicheskoe soznanie studentov [Environmental consciousness of students] *Vysshee obrazovanie v Rossii. [Higher education in Russia]*, 5, 25-28. [In Russian]

7 Kazakstan Respublikasy Bilim zhane gylym ministrlygi [Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan]. (2020). Kazakstan Respublikasynda bilim berudi damytudyn 2020–

2025 zhyldarga arналған мемлекеттік бағдарламасы. [State Program for the Development of Education in the Republic of Kazakhstan for 2020–2025]. [Electronic resource] - URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988> (Date of access: 13.08.2025). [In Kazakh]

8 Fennell, D. A., Bowyer, E. (2020). Tourism and sustainable transformation: A discussion and application to tourism food consumption. *Tourism Recreation Research*, 45(1), 119-131. DOI: <https://doi.org/10.1080/02508281.2019.1694757>

9 Ballantyne, R., Packer, J. (2011). Using tourism free-choice learning experiences to promote environmentally sustainable behaviour: the role of post-visit ‘action resources’. *Environmental education research*, 17(2), 201-215. DOI: <https://doi.org/10.1080/13504622.2010.530645>

10 Tilbury, D. (1997). Environmental education and development education: Teaching geography for a sustainable world. *Teaching and learning geography*. London: Routledge, 210–219. DOI: <https://doi.org/10.4324/9780203439050>

11 Chi Kin John Lee. (1993). Geography teaching in England and Hong Kong: Contributions towards environmental education. *International Research in Geographical and Environmental Education*, 2(1), 25–40. DOI: 10.1080/10382046.1993.9964894.

12 Bednarz, R. S. (2006). Environmental research and education in US geography. *Journal of Geography in Higher Education*, 30(2), 237–250. DOI: <https://doi.org/10.1080/03098260600717315>.

13 Kasimov, N.S., Malkhazova, S.M., Romanova, E.P., Chalkley, B.S. (2002). Environmental Education in Russian Universities. *Journal of Geography in Higher Education*, 26(2), 149–157. DOI: <https://doi.org/10.1080/03098260220144676>.

14 Gamira, D., Firomumwe, T. (2021). Attitudes of pre-service geography teachers towards teaching environmental education at the Lowveld University. *i-manager’s Journal on School Educational Technology*, 16(4), 9-21. [Electronic resource] - URL: <https://www.researchgate.net/publication/353138448> (Date of access: 01.09.2025).

15 Yli-Panula, Eila Jeronen, Piia Lemmetty. (2020). Teaching and Learning Methods in Geography Promoting Sustainability. *Education Sciences*, 10(1), 1-5. DOI: <https://doi.org/10.3390/educsci10010005>

Карабаева А. М.¹, *Тажекова А. Д.², Эмин А.³, Утемисова А. М.⁴

^{1,4} Казахский национальный университет имени Аль-Фараби

² Южно-Казахстанский педагогический университет имени Өзбекәлі Жәнібеков

³ Университет Бурса Улудаг

^{1,4} Казахстан, Алматы

² Казахстан, Шымкент

³ Түрция, Бурса

ЭКОТУРИЗМ: ИННОВАЦИОННЫЙ РЕСУРС ФОРМИРОВАНИЯ ГЕОГРАФИЧЕСКИХ КОМПЕТЕНЦИЙ СТУДЕНТОВ

Аннотация.

Одним из основных приоритетов системы высшего образования является формирование компетенций, позволяющих студентам не только овладеть теоретическими знаниями, но и эффективно использовать их в профессиональной и повседневной деятельности. Среди них географическая компетентность занимает особое место, поскольку включает в себя понимание пространственных закономерностей, работу с картографическими материалами, анализ природных и социально-экономических ландшафтов, эколого-географическое мышление. Однако в традиционной образовательной практике развитие данной компетенции зачастую ограничивается теоретическим содержанием, а практические методы используются недостаточно. В этой связи экотуризм приобретает актуальное значение как инновационный ресурс в формировании географической компетентности студентов. Цель исследования – теоретическое обоснование экотуризма как эффективного средства формирования географической компетентности студентов высших учебных заведений. В качестве методологической основы использованы анализ научной литературы, сравнительный анализ зарубежного опыта. Результаты исследования показали, что внедрение экотуризма в образовательную практику значительно повышает географическую компетентность студентов. При этом студенты овладевают такими важными практическими навыками, как работа с картографическими материалами, ориентирование на местности, анализ природных и культурных ландшафтов, проведение экологического мониторинга. Зарубежный опыт

подтверждает эффективность экотуризма в образовательных целях. На основе этого опыта в исследовании установлено, что уникальные природные территории Казахстана – Чарынский каньон, Кольсайские озера, Баянаул, Катон-Карагай – предоставляют студентам большие возможности для реализации практического обучения.

Научная новизна работы заключается в обосновании того, что экотуризм является инновационным образовательным ресурсом, позволяющим комплексно формировать географическую компетентность студентов, сочетая теоретические знания и практическую деятельность. Проведенный в статье анализ доказывает, что системное внедрение экотуризма в учебные программы вузов не только улучшит профессиональную подготовку будущих специалистов, но и позволит развить у них экологическую культуру и сформировать ответственную личность в соответствии с принципами устойчивого развития.

Ключевые слова: экотуризм, географическая компетентность, экологическая культура, устойчивое развитие, полевой опыт, инновационный ресурс, географические знания.

Karabaeva A. M.¹, *Tazhekova A. D.², Emin A.³, Utemisova A. M.⁴

^{1,4} *Kazakh National University named after Al-Farabi*

² *South Kazakhstan Pedagogical University named after Ozbekali Zhanibekov*

³ *Bursa Uludag University*

^{1,4} *Kazakhstan, Almaty*

² *Kazakhstan, Shymkent*

³ *Turkey, Bursa*

ECOTOURISM: AN INNOVATIVE RESOURCE FOR FORMING STUDENTS' GEOGRAPHICAL COMPETENCES

Annotation.

One of the main priorities of the higher education system is the formation of competencies that allow students to effectively use their theoretical knowledge in professional and everyday activities, in addition to mastering it. Among them, geographical competence occupies a special place, since it includes understanding spatial patterns, working with cartographic materials, analyzing natural and socio-economic landscapes, and ecological-geographical thinking. However, in traditional educational practice, the development of this competence is often limited to theoretical content, and practical methods are not used at a sufficient level. In this regard, ecotourism is of topical importance as an innovative resource in the formation of students' geographical competence. The purpose of the study is to theoretically substantiate ecotourism as an effective means of forming geographical competence of students of higher educational institutions. As a methodological basis, an analysis of scientific literature, a comparative analysis of foreign experience. The results of the study showed that the introduction of ecotourism into educational practice significantly increases the geographical competence of students. In this process, students master such important practical skills as working with cartographic materials, orienteering, analyzing natural and cultural landscapes, and conducting environmental monitoring. Foreign experience confirms the effectiveness of ecotourism for educational purposes. Based on this experience, the study found that the unique natural areas of Kazakhstan - Charyn Canyon, Kolsai Lakes, Bayanaul, Katonkaragay - provide students with great opportunities for implementing experiential learning.

The scientific novelty of the work lies in the justification that ecotourism is an innovative educational resource that allows for the comprehensive formation of students' geographical competence, combining theoretical knowledge and practical activity. The analysis conducted in the article proves that the systematic introduction of ecotourism into university curricula will not only improve the professional training of future specialists, but also allow them to develop their environmental culture and form responsible individuals in accordance with the principles of sustainable development.

Keywords: ecotourism, geographical competence, environmental culture, sustainable development, field experience, innovative resource, geographical knowledge.

Редакцияға түсті: 04.09.2025

Рецензиялаудан кейін мақұлданды: 09.12.2025

Жариялауға қабылданды: 26.03.2026